

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Тоқатов Р.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі*

Ондыбаева Т.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс студенті

Білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі: қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі. Білімділіктің басты өлшемі-білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен логикалылығы.[1]

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы — республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге арналған заң. Сол өзгерістер мен толықтыруларға тоқтала кетсек, мектептер электронды күнделікке ауысады. Кең жолақты интернет, қажетінше компьютерлер, локалды жүйе бар болса, мектеп электронды құжат айналымына көшетін болады. Білім саласын қағазбастылықтан арылту үшін құжаттар электронды форматта толтырылады. Мұғалім бұрынғыдай күнделіктің көшірмесін жасай алмайды. Ал, оқушы күнделігімі жоғалттым деп сылтау айта алмайды. Тіркелген баға қайтадан өшірілмейді. Ұстаз қағаз журналын электронды журналмен қатар жүгізуге міндетті емес. Мұны мектеп әкімшілігі талап етпеуі керек. Сонымен қатар ұялы телефондарға қосымша орналастырылып, бағалау жүйесі енеді. Ата-ана енгізілген қосымшаға тіркелу арқылы мектепке бармай-ақ баласының оқу үлгерімін, сабаққа қатысуын қадағалай алады.[2]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту.[3]

Білім беру деңгейлері

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 2) орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 2-1) бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 2-2) негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 2-3) жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 3) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 4) орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 5) жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 6) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.[4]

Елбасы мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек,- деді. Ол үшін әкімдіктер мен министрлікке «Жол картасын» әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, балабақша қызметкерлерінің еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет екендігін де қадап айтты.

Балабақшадағы білім сапасын жақсарту туралы жолдауда жауапты мекемелерге тек беріліп қана қоймай, мәселелерді шешудің нақты жолдары да айтылды. Енді осы бағыт бойынша сапалы жұмыс атқару қажет.

Бастауыш мектеп – бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

Негізгі орта мектеп – бастауыш және негізгі орта білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

Жалпы білім беретін мектеп-бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

Бейін алды даярлық - білім алушының жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.[5]

Қазіргі кездегі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі- мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру. «INCLUSION» -ағылшын тілінен аударғанда-тартылған,кіріктірілген, қамтылған деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – баланың мүмкіншілігінің шектеулі болғанына қарамастан мектепке дейінгі мекемелерде және жалпы орта білім беретін мектептерде толықтай білім алуын қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру қоғамның барлық істерінде баланың теңдігін ынталандыруға бағытталады. Бүгінде Ұлыбритания, Швейцария, Италия, Германия, Финляндия елдерінде инклюзивті білім беру жүйесіне ерекше көңіл бөлінген. Еңбекке қабілетсіз азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары күшейтілуі қажет. Елбасы жолдауында осындай тапсырма берілді. [6]

Алайда олардың тек үштен бірі ғана білім алып жүр. Елордамыздағы № 65 гимназияда осындай 100 шақты бала оқиды. №65 гимназия инклюзивті білім беру жүйесіне 2011 жылдан бастап көшкен. Мұндағы балалардың көпшілігінің омыртқасы зақымданған. Қазақстанда білім ала алатын мүмкіндігі шектеулі балалар саны-151216.

Мектепке дейінгі және орта білім деңгейінде мүмкіндігі шектеулі балалардың 80,9%-ы арнайы біліммен қамтылып, оларға қоғамға бейімделулеріне көмек көрсетіледі.«Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін 36 арнайы балабақша, 106 түзету ұйымдары және жалпы білім беру мектептерінде 1219 арнайы сыныптар, балабақшаларда 315 арнаулы топтар жұмыс істейді. Инклюзивті білім беретін 1462 мектеп пен 142 балабақша бар. Мұнымен қатар 20 оңалту орталығы, 129 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті мен 558 логопед пункті қызмет көрсетеді. [7]

Инклюзивті білім беру төмендегідей принциптерді басшылыққа алады:

- адамның құндылығы оның қабілеттеріне байланысты болмайды;
- әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
- әрбір адам қарым-қатынас жасауға және іс-әрекет жасауға қабілетті;
- әрбір адамның бір-біріне деген қажеттілігі орын алады;
- әрбір адам өзін қолдауға және достыққа мәжбүр;
- әртүрлілік адамның өмірінің барлық жақтарын арттыра түседі.[8]

Дүниежүзінде инклюзивті білім беру мен оқытуда алдыңғы қатарда тұрған мемлекет онша бай емес мемлекет – Италия.

Италияда инклюзивті білім беру алдын ала заңдастырылған:

- сыныптағы балалардың саны – 20;
- сыныптағы ерекше дамудағы балалардың саны – 2;
- арнайы бағдарламамен жұмыс жасайтын сыныптар қарастырылған;
- арнайы және жай педагогтар сыныптың барлық оқушыларымен бірдей қарым-қатынас жасайды.

Италияда ерекше дамып келе жатқан 4 балаға 1 педагогтан келеді. Егер сыныпта көзі көрмейтін, не құлағы мүлде естімейтін бала болса, онда барлық сыныптың оқушылары Брайль әліппесін үйренеді және ишаратпен түсіндіруді үйренуі тиіс. Ең бастысы – жылулық пен қамқорлықты сезіну. Италияда 1992 жылғы шыққан заң алға тек қана балаларды әлеуметтендіру мәселесін қайталайды, сондай-ақ академиялық пәндерді сапалы оқытуды да көздейді.[9]

ИПБТ жүйесінде мүмкіндігі шектеулі жандар қатарынан мамандарды даярлау ісін 178 колледж жүргізуде. Аталмыш санат студенттерінің континенті 3 мыңға жуық адам құрайды. «Дефектология» мамандығы шеңберінде кадрларды даярлау елдің 17 ЖОО-да жүргізіледі. Бұдан басқа педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 3 жыл ішінде 2771 педагог инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтті.[10]

Үйден оқылатын және мектеп партасында оқып отырған мүмкіндігі шектеулі сөйлеуі бұзылған оқушылар үшін қалыпты сөйлеу қабілетін дамыту үшін дыбысты қайталату арқылы оның қаншалықты дұрыс айтылғанын анықтайтын, арнайы дыбыс құрылғыларымен жабдықталған тренажерлер қажет. Мұндай тренажерлер дербес компьютерге қосылады да мүмкіндігі шектеулі балалардың қызығушылығын арттыратын ойын жаттығулар ретінде жұмыс жасайды. Осындай жаттығулар, жұмыстар арқылы баланың өмірге деген қызығушылығы арта бастайды. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету жүйесі қазіргі заманда көп салалы инфрақұрылым болып табылады. Азаматтың қабылдаған жалпы құқықтары мен еркіндігі жүйесіндегі ең маңыздысы білім алу десек, осы орайда мүмкіндігі шектеулі бала қоғамда сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету – заман талабы. Сондықтан инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты мамандардың алдында үлкен міндеттер тұр.

Соңғы кездері мектеп оқушысының сөмкесі мен оқулықтардың тым ауыр екендігі туралы жиі айтылып та, жазылып та жүр. Шындығында, оқушы сөмкесінің ауыр болуы неліктен? Португалиялық

ғалымдар балалардың денсаулығын ескере отырып, мектеп сөмкесіне қанша зат салу керектігін есептейтін формула ойлап тапқан. Бұл формула әлемдегі барлық оқушыларға арналған. Сөмкедегі заттың салмағы оқушы салмағының 10% ғана құрауы тиіс. Яғни бала салмағы 30 келі болса, сөмке салмағы 3 келіден аспауы керек. Біздің елімізде де осы формулаға балама әдіс енгізбек.[11]

Қазақстанның Денсаулық Сақтау Министрлігінің бұйрығымен санитарлық ережеге өзгеріс енгізілмекші. Соның ішінде 2018 жылдың 28 қыркүйегіндегі «Білім Беру» нысанына санитарлы-эпидемиологиялық талаптар бойынша оқушы сөмкесінің салмағына тоқталды. Енді факультативті және міндетті пәндердің сабақ кестесі бөлек құрылады. Оқушылардың ауыр сөмкесіне қатысты мәселе Үкіметте қаралды. Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев оқушылардың сөмкесін жеңілдетуді қатаң тапсырды. Оқушылардың сөмкесінің салмағы осы көрсеткішке сай болуы керек;

1-3 сынып -1,5-2 кг

4-5 сынып -2-2,5 кг

6-7 сынып -3-3,5 кг

8-11(12) сынып -4-4,5 кг [12]

Жалпы, мектеп оқушыларының іші толы «қоржындарының» ауырлығы мен шамадан тыс заттарды тасуы денсаулыққа кері әсерін тигізбей қоймайды екен. Баланың қан қысымының қалыптан шығуына септігін тигізеді. Тіпті әлі қатая қоймаған оқушының кеуде сүйектерінің қисаюына әкеп соғады. Ол аз болса, мұның салдары мидың қалыпты жұмысына кері әсерін тигізеді. Қандайда болмасын ауыр салмақ оқушының омыртқа жотасымен арқа бұлшық еттеріне нашар әсер етеді. Және жас ұлғайған сайын оның зардабы үлкейе түседі. Ресей зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенсек дұрыс таңдалмаған мектеп сөмкесі 50% скалиоздың пайда болуына әкеледі. Скалиоз омыртқа жотасының бір бүйірге қарай қисаюы. Сонымен бірге бір иыққа сөмкені асуға болмайды. Өйткені ауыр салмақ бір иыққа түсіп дене сүйегі бір жаққа қисайып бүйректің төмен түсуіне әкеліп соғады. Бір өкініштісі, мектептерде балалардың артық заттарын сақтайтын арнайы орындардың болмауы. Бір сыныптан бір сыныпқа көшіп оқитын жоғарғы сынып оқушылары ауыр сөмкесін сабақ біткенше аркалап жүреді. Бұл мәселені шешу үшін әр білім ошағына шкаф орналастыру керек. Оқушылар кітаптарын сол шкафқа салып қойып, керек кітапті ғана алып отыратындай және спорттық киімін де сол шкафқа тастап кетіп отырса, оқушыларға жеңілірек болар еді. [13]

Соңғы кездері шамасы келген қазақ жастары шет елде оқып, шет елде жұмыс істегісі келе бастады. Оған елдегі жоғарғы білім сапасының төмендігі және лайықты жалақының болмауы себеп болып отыр. Ресми деректер бойынша шет мемлекеттерде 100 000 жуық Қазақстандық студент білім алып жатыр. Олардың жартысынан көбі, яғни 72 мыңға жуығы. Ресейде екен. Біздің елімізде жоғарғы оқу орындарын бітіргендердің 50% өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Егерде есептейтін болсақ жылына 260млрд ақша жоғарғы оқу орындарында оқитын балаларға жұмсалатын болса, соның тең жартысы текке кетіп жатыр деген сөз. Жоғарғы оқу орындарында да өзгерістер басталды, бірақ өте жәй. Жоғарғы оқу орындарында кадрлық мәселе тапшылығы бар. Өйткені енді қағаз жүзінде, заң жүзінде біз оның методикасын алып келгенмен, адамдар дайын болмаса онда іске асуы екі талай.[14]

Білім берудегі “үздік жиырмалық” қатары мынадай:

Финляндия, Оңтүстік Корея, Гонконг, Жапония, Сингапур, Ұлыбритания, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Швейцария, Канада, Ирландия, Дания, Австралия, Польша, Германия, Бельгия, АҚШ, Венгрия, Словакия, Ресей.[15]

Қазақстанның білім беру жүйесін Финляндиямен салыстыратын болсақ;

Балабақшадан кейінгі кезеңде негізгі мектепте оқушы 16 жыл бойы білім алады. Мектептегі білім алудың финдік ерекшеліктерінің тағы бірі-бұндай оқу орындарда емтихандардың жоқтығында болып отыр. Яғни, бала негізгі орта мектепті тәмамдағаннан соң да емтихан тапсырмайды. Университетте оқығандары үшін ешқандай студент ақша төлемейді, барлығы мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Және де шәкіртақы алуға құқығы бар. Тек бұл жолы тұрғылықты жері мен тамағын студенттің өзі қамтамасыз ету керек.[16]

Ал Қазақстанда мектеп жасына толмаған бала мектепке қабылданбайды. Дайындық тобына баратын бала қыркүйек айына дейін жасы 5-ке, бірінші сыныпқа баратын бала 6 жасқа толып бару керек. 11 жыл білім алады. Сондай-ақ мектеп бітірген түлектердің білімін таразыға салатын ҰБТ бар. ҰБТ тапсыру арқылы жоғарғы оқу орнына түсе алады. [17]

Қазіргі уақытта Финляндияда 39 университет жұмыс жасайды. Осы оқу орындарындағы оқу сапасын, теория мен практиканы ұштастыра алу қабілеттіліктерін, студенттік өмір сапасын тексеретін FINEEC арнайы ұйым жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында 180 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Оның 13-і азаматтық емес, 167-сі азаматтық оқу орындары. Азаматтық оқу орындарының 55-і мемлекеттік, 112-сі мемлекеттік емес жоғары оқу орны боп табылады. [18]

Сонымен қатар, үй тапсырмасы өте сирек беріледі. Балалар демалу керек деп есептейді. Ата-аналар баласының сабағын орындатумен отырғанша, отбасымен мұражайға, тауға барғанды жөн санайды. Тақтаға шығып сабақ айту әдісі қолданылмайды.

Қағидалар:

- барлық бала тең құқылы;
- жекеменшік мектептер жоқ;
- сабаққа қажет құрал-жабдықтар мен оқулықтар тегін беріледі;
- түскі ас тегін;
- оқушылардың жол жүру билетінің ақшасын муниципалитет төлейді;
- мемлекетте мектеп инспекторлары жоқ;
- мұғалімдерге толықтай сенім артады;
- жемқорлық өте аз; [19]

Осы ақпараттарды зерттей келе біздің оймызша келесі ұсыныстарды тәжірибеге енгізгенді жөн деп есептейміз:

Біріншіден, қазақ – фин венчурлі қорын құру керек.

Венчурлық қор - инновациялық кәсіпорындар мен жобалармен ғана жұмыс істейтін инвестициялық компания. ВЕНЧУР (ағылшын фирмасы) - бұл жобаларды немесе басқа да ғылымды қажет ететін жұмыстармен айналысатын кішігірім кәсіпкерлік, ол тәуекелді жобалар жүзеге асырылады. Кәсіпорын сыртқы және ішкі болып табылады. Сыртқы компанияны идея авторлары және венчурлық кәсіпкер ұйымдастырады. Сыртқы кәсіпорын зейнетақы қорлары, сақтандыру компанияларының қаражаттары, халықтың жинақталуы, мемлекеттік қаражат және басқа инвесторлар арқылы тәуекелді жобаларды іске асыруға қаражат тартумен айналысады.

Екіншіден, финляндиялық «жасыл экономика» тәжірибесін пайдалану үшін оны Қазақстанда қалыптастыру қажет.

Үшіншіден, Финляндиядан инвестициялар тарту.

Төртіншіден, «Финляндияның 100 әлеуметтік инновациясы» кітабындағы әлеуметтік инновациялар тәжірибесінің Қазақстанға қатысты жақтарын пайдалану.

Фин еліне сапары барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Финляндиямен қарым-қатынас Қазақстан үшін аса қажетті. Себебі, бұл ел әлемде өзіндік орны бар, білім-ғылым саласында, инновация бағытында алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Егерде біз бәсекеге сай ел болғымыз келсе, Финляндияның жүрген жолымен өтіп, тәлім-тәрбие алғанымыз өте пайдалы болады. Біз бұрын өз дамуымызда Оңтүстік – Шығыс Азияның барыстарынан сабақ алдық. Олардың стратегияны қалай жасағанын, қалай дамығанын, кадрларды қалай дайындағанын үйрендік. Ал қазір бұл кезеңнен өттік, енді бізге Финляндиядан үйренген жөн» деп атап өткен болатын. [20]

Сонымен, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Осы оқу пәндерін зерттей келе біздің ойымызша мына ұсыныстарды жүзеге асыру керек деп есептейміз;

Оқушылар жаратылыстану пәнін бір жыл оқып, физика, биология, химия пәндерін екі жылдан кейін ғана өте бастайды. Арадағы үзіліске бола оқушылар оқыған материалдарын ұмытып қалады. Мұндай болмасын деген ниетпен аталған пәндерді бесінші сыныптан бастап меңгеруді ұсынар едік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы - «Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі

№319 заңы

2. Сұңғат ӘЛІПБАЙ «Электронды күнделік – баршаға тиімді құрал»

<https://egemen.kz/article/elektrondy-kundelik-%E2%80%93-barshaga-tiimdi-kural>

3. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

4. Білім туралы- «Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008827/compare>

6. «Инклюзивті білім беру. Үздіксіз білім беру. Қосымша білім беру» <https://helpiks.org/7-16169.html>

7. Жаңыл Жонтаева «Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың саны-151 мыңнан асты»

https://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/damu_mumkindigi_shekteuli_balalardin_sani_151_min_nan_asti_bilim_ministr_ligi

8. Хайрошева Айгүл Нығметоллақызы «Мектепке дейінгі мекемелерде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың маңызы»

9. «Инклюзивті білім беру. Үздіксіз білім беру. Қосымша білім беру» <https://helpiks.org/7-16169.html>

10. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру» http://m.egov.kz/cms/kk/articles/secondary_school/2F05inclsiveeducation?mobile=yes

11. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту» <https://stud.kz/referat/show/30624>

12. «Оқушы сөмкесінің салмағы жеңілдей ме?» https://aikyn.kz/2018/10/15/70_538.html,

13. Дастан Қастай. «Мектеп сөмкесі қандай болу керек?» <https://martebe.kz/mektep-somkesi-olkhandaj-boluy-kerek/>

14. <https://kaztrk.kz/news/bilim/72-mynnan-astam-qazaqstandyq-reseide-bilim-alyp-zhur-120052>

15. Әсел Жұтаева «Білім беру жүйесі бойынша үздік мемлекеттер», https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/42071/

16. Куанғалиева Арамангул Зулхарнаевна «Мектепке өзгерісті енгізу не үшін қажет?» <https://infourok.ru/mektepke-zgeristi-engizu-ne-shin-azhet-refleksiyali-esep-1012326.html>

17. Әлия Мырзағалиқызы «1сыныпқа алты жасқа толып бару керек» <http://www.kerek-info.kz/kerek-akparat/2176-1-synupa-alty-zhasa-tolyp-baru-kerek.html>

18. «Қазақстан жоғарғы оқу орындарының тізімі» <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

19. Ботакөз Қамзан «Финляндия білім беру жүйесінің революциясы». <http://jas.kz/eski/?p=7756>

20. Қайыржан Төрежан. «Фин тәжірибесі мұқият зерттеуге лайықты» <https://www.altynorda.kz/kz/aleksandr-smirnov-suomi-ulttyk-madeni-ortalygynyn-toragasy-fin-tazhiribesi-mukiyat-zertteuge-lajykty/>

СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сералиева А.Н., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің
2 курс магистранты*

Қазіргі кезеңде мұрагерлік құқығын иеленуге қатысты, заң немесе өсиет бойынша мұрагерлік мүлікті бөлу бойынша құқықтық мәселелер азаматтар үшін өзекті мәселеге айналды. Соның ішінде мұрагерлік құқықты іске асыруға қатысты сот және нотариат тәжірибесінің мәселелері өте қызығушылық туындатып отыр.

Сот тәжірибесіне үңілетін болсақ, соңғы жылдары соттарда қаралатын мұрагерлікпен байланысты азаматтық істердің саны өсіп отырғаны байқалады. Атап айтқанда, Қарағанды облысы бойынша соттармен қаралған мұрагерлік құқыққа қатысты даулардың ішінде ең көп қаралған істер – мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы істер; мұрагерлікті қабылдау фактісін анықтау туралы істер; иесіз қалған мұралық мүлік деп тану туралы істер.

Мұрагерлік құқыққа қатысты азаматтық-құқықтық дауларды кейбір азаматтық істердің санаттарын соттарда қараудың тәжірибесіне тоқталып өтеміз.

Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру немесе ұзарту бойынша азаматтық істерді қарау ерекшеліктері.